



«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

№ ТБ-22/_____

ақылы білім беру қызметтерін көрсету КЕЛІСІМШАРТЫ

Алматы қ.

«25» тамыз 2022 жыл

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет» деп аталады, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы - Ректор **Билялов Д. Н.** бір жағынан,

және азамат (ша) _____,

(Білім алушының аты-жөні, толық)

бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын екінші жағынан, және / немесе

_____ (Егер білім алушы 18 жасқа толмаған болса, заңды тұлғаның атауы және/немесе заңды өкілінің (ата-анасының) аты-жөні)

, _____ негізінде әрекет ететін _____ атынан

(Заңды тұлғаның аты-жөні және лауазымы)

_____ азамат(ша) мүддесі үшін,

(Білім алушының аты-жөні, толық)

бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын екінші жағынан, төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасасты:

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Университет мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға және университеттің оқу жоспарларына сәйкес, _____ (күндізгі/жеделдетілген) _____ оқыту _____ түрінде, _____ білім беру бағдарламаларының

(білім беру бағдарламалары тобының шифры мен атауы (ББТ))

тобы бойынша Білім алушының оқуын ұйымдастыру бойынша өзіне міндеттемелерді қабылдайды, толық курсты аяқтағаннан кейін өз үлгісіндегі диплом беріледі.

1.2. Білім алушы немесе Тапсырыс беруші осы Келісімшарттың 3-бөлімінде көрсетілген мөлшерде оқу үшін университетке ақшалай қаражат төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет міндеттенеді:

1) _____

(Білім алушының аты-жөні)

Білім алушы немесе Тапсырыс беруші (заңды өкілі) жылдық төлем сомасының кемінде **50 (елу) пайызы** мөлшерінде бастапқы төлемді енгізген жағдайда, ол _____ теңгені құрайды, Білім алушыны студенттер құрамына қабылдағанға дейін оқуға қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес маман даярлауды қамтамасыз етуге;

3) Білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және сабақ режимін қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен бірге айқындап беруге, оқытудың салауатты, қауіпсіз жағдайларын жасауға міндетті;

4) университет кітапханасының ақпараттық ресурстарына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділікті және пайдалануды қамтамасыз етуге;

5) Білім алушыға оқу бағдарламалары аясында тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беру;

6) оқу жоспарына сәйкес Білім алушының кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру;

7) Білім алушыға университеттің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өміріне қатысуға мүмкіндік беру;

8) университет таратылған немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда Білім алушының оқу жылын басқа оқу орнында немесе басқа білім беру бағдарламасы бойынша аяқтауына бағытталған шараларды қабылдауға міндетті.



**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

2.2. Университет құқылы:

- 1) Білім алушыдан Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ-ға оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 наурыздағы шешімімен бекітілген №3 хаттама және осы Келісімшартқа сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді адал және тиісінше орындалуын талап етуге;
- 2) осы Келісімшарттың 3.4-тармағында көрсетілген оқу ақысын төлеу мерзімі бұзылған жағдайда турникеттің электрондық карталарын бұғаттау арқылы Білім алушыны университет аумағына сабаққа қатысу үшін жібермеуге;
- 3) Білім алушыдан университеттің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа техникамен жұмыс істеу қағидаларын сақтауды талап етуге міндетті. Материалдық залал келтірілген жағдайда білім алушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында және университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген тәртіппен оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды өтеуді талап етуге;
- 4) университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес алынған қызметтер үшін ақы төлеу шарты мен тәртібіне байланысты оқу үшін жеке жеңілдіктерді қолдануға;
- 5) Білім алушыны оқытудың толық курсын табысты аяқтағаннан кейін оқу, ғылыми және шығармашылық қызметіндегі жетістіктері үшін, қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша көтермелеуге, білім алушыға біліктілік, академиялық бакалавр дәрежесін беруге;
- 6) осы Келісімшарттың 3-1-бөлімінде көрсетілген жағдайларда осы Келісімшартты (оқудан шығару туралы бұйрық негізінде) бұзуға құқылы;
- 7) оқу тобындағы студенттердің қажетті саны жеткіліксіз болған жағдайда білім алушыға өз білім бағдарламасына жақын білім беру бағдарламасына ауысуды ұсынуға;
- 8) Білім алушының, оның заңды өкілінің не Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз, осы шешім уәкілетті мемлекеттік органдардың актілері негізінде қабылданған не төтенше жағдай режимін және басқа да төтенше жағдайлар режимін сақтау жағдайында білім алушының өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған жағдайда шектеу шараларын, оның ішінде карантинде қашықтықтан және (немесе) онлайн – технологияларды пайдалана отырып оқуға көшу туралы дербес шешім қабылдауға құқылы;
- 9) ҚазҰПУ Ғылыми Кеңесінің 2011 жылғы 31 мамырдағы №10 хаттама (2021 жылғы 27 тамыздағы №1 хаттама бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) бойынша бекітілген университеттің академиялық саясатында белгіленген (университет алдындағы қаржылай берешегін толық өтеген жағдайда) өтініші бойынша Білім алушыны студенттер қатарына қайта қабылдау (бұдан әрі – Университеті академиялық саясаты);
- 10) Білім алушыны өтініші негізінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, сондай-ақ университеттің академиялық саясатында белгіленген тәртіппен, оқу жоспары бойынша оқыту нәтижелеріне және ауысу кезінде жүргізілген төлемге сүйене отырып, басқа оқу орнына ауыстыруға құқылы.

2.3. Білім алушы міндеттенеді:

- 1) қашықтықтан оқыту форматына көшкен жағдайда техникалық әзірлігі – Интернеттің, компьютердің немесе ноутбуктың және басқа да техникалық құралдардың болуына;
- 2) мемлекеттік және өзге де жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалатын толық көлемде білім, білік және практикалық дағдыларды игеруге, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға міндетті;
- 3) осы Келісімшарттың 3-бөлімінде көрсетілген университеттегі оқу үшін төлемді уақытылы төлеп тұруға міндетті;
- 4) сабақты дәлелді себептермен (сырқаттану, жақын туыстарының қайтыс болуы, төтенше сипаттағы форс-мажорлық жағдайлар мен оқиғалар, дүлей зілзалалар, авариялар және т.б.) қалдырған жағдайда 3 (үш) күн ішінде университетті жазбаша түрде (жеке немесе курьерлік пошта байланысы, электрондық пошта, WhatsApp арқылы) хабардар етуге; кейіннен растайтын құжаттарды ұсына отырып, сабаққа қатысу мүмкіндігіне ие болады. Олар болмаған жағдайда сабақ дәлелсіз себептермен қалдырылды деп танылады;
- 5) Басқарма Төрағасының – Университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, тікелей басшылардың өкімдері мен хабарламаларын, университеттің Жарғысын, ішкі нормативтік актілерін және осы Келісімшарттың талаптарын сақтауға және орындауға міндетті;
- 6) университеттің мүлкіне ұқыпты қарауға, оны ұтымды пайдалануға, оқуға және жатақханада тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысуға, университетке материалдық залал келтірілген жағдайда оны қалпына келтіру шығындарын өтеуге міндетті;
- 7) оқу тәртібін және әскери есепке алу қағидаларын сақтауға міндетті;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Келісімшартта, Жарғыда, университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген өз міндеттерін орындауға, этика, қоғамдық мораль нормаларын мінсіз сақтауға міндетті;
- 9) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;
- 10) дербес деректері, тұрғылықты жері, телефоны, электрондық поштасы және басқа да байланыс ақпараты өзгерген жағдайда 5 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы университетке жазбаша түрде хабарлауға;
- 11) ата-аналары және/немесе заңды өкілдері туралы мынадай анық ақпарат беруге міндетті:



(Әжесінің аты-жөні, байланыс телефоны толық (болған жағдайда))

(Анасының аты-жөні, байланыс телефоны толық (болған жағдайда))

(Басқа заңды өкілінің аты-жөні, байланыс телефоны толық (болған жағдайда))

2.4. Білім алушы құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен және университет Басқармасы Төрағасының – Ректорының бұйрығы негізінде оқу жоспарымен анықталатын оқу нәтижелеріне сүйене отырып, бір оқу орнынан екіншісіне ауысуға, бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына ауысуға, ақылы оқу орнынан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша басқа оқу орынына оқуға ауысуына құқылы;
- 2) оқудың барлық кезеңі үшін алдын ала төлем төлеуге құқылы. Бұл жағдайда Келісімшарттың сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз қалады;
- 3) оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізу және оны пайдалануға;
- 4) осы Келісімшартқа Қосымша келісімге қол қоя отырып, университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға, жеке оқу жоспарлары, жеделдетілген оқу бағдарламалары бойынша оқуға;
- 5) Жарғымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен және университеттің нормативтік құжаттарымен танысуға құқылы;
- 6) белгіленген тәртіппен университетке қайта қабылдануға құқылы;
- 7) университеттің интернет-ресурстарын пайдалануға құқылы;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар немесе жағдайлар туындаған жағдайларда университет басшылығынан немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мамандарынан консультациялар алуға;
- 9) қорытынды бақылау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе сабақты себепсіз қалдыруына байланысты Білім алушы келесі академиялық кезең ішінде ақылы негізде оқу курсына қайта тыңдауға және тиісті пәндер бойынша емтихан тапсыруға құқылы. Мұндай жағдайда оқу құнын төлеу университет белгілеген бір кредиттің құны негізінде айқындалады.

3. ОҚУ АҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

3.1. Осы Келісімшарттың талаптарына сәйкес Білім алушы маман даярлаудың жылдық құнын есептеу бойынша _____ (_____) теңге көлемінде оқу ақысын
(оқу құнын есептеуге сәйкес санмен және жазбаша көрсетіңіз)

төлеуді жүзеге асырады.

3.2. Оқу құны инфляцияны және білім беру қызметтері нарығында баға белгілеуге әсер ететін өзге де факторларды ескере отырып, университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен әрбір оқу жылына жеке айқындалады. Оқу ақысының сомасы өзгерген жағдайда, осы Келісімшартқа Қосымша келісім жасалады. Оқу құны оқу жылында бір реттен артық өзгертілмеуі мүмкін.

3.3. Төлем тәсілі – Білім алушының немесе Тапсырыс берушінің университеттің есеп шотына тиісті төлемдерді қолма-қол ақшасыз аударым жасауы.

3.4. Оқу үшін кезең-кезеңмен ақы төлеу мынадай тәртіппен айқындалады::

Күндізгі оқу нысанының 1 (бірінші) курстары үшін:

1) оқуға қабылданғанға дейін Білім алушы немесе Тапсырыс беруші ағымдағы оқу жылының 24 тамызынан кешіктірмей университеттің шотына оқудың жалпы құнының **50 (елу) пайызын** аударыды;

2) екінші семестр басталғанға дейін Білім алушы немесе Тапсырыс беруші ағымдағы оқу жылының 1 ақпанынан кешіктірмей университеттің шотына **50 (елу) пайыз** (соманың қалдығы) аударыды.

Күндізгі, жеделдетілген оқу нысанының 2 (екінші), 3 (үшінші), 4 (Төртінші), 5 (бесінші) курстары үшін:

1) Білім алушы немесе Тапсырыс беруші әрбір оқу жылы басталғанға дейін күнтізбелік 5 күн бұрын университеттің шотына оқытудың жалпы құнының **50 (елу) пайызын** аударыды;

2) екінші семестр басталғанға дейін Білім алушы немесе Тапсырыс беруші ағымдағы оқу жылының 1 ақпанынан кешіктірмей университеттің шотына **50 (елу) пайыз** (соманың қалдығы) аударыды.

3.5. Басқа оқу орнынан ауысу арқылы оқуға түскен Білім алушы осы Келісімшарттың 3.1-3.4-тармақтарында көзделген ережелер бойынша оқу ақысын төлейді.

3.6. Оқуға ақы төлеу жөніндегі Келісімшарт бойынша міндеттемелер Білім алушының немесе Тапсырыс берушінің ақы төлеу жөніндегі берешегі толық өтелгенге дейін сақталады.

3.7. Білім алушы кейін студенттер қатарына қайта қабылданған (оқудан шығарылған жағдайда) және ол академиялық демалыстан шыққан кезде оқуға ақы төлеу қайта қабылдау күні қолданыстағы мөлшерде және шарттарда жүзеге



«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

асырылады. Қайта қабылдау кезінде Білім алушы өткен жылғы берешек сомасын (бар болса), сондай-ақ ағымдағы жылғы соманы (осы Келісімшарттың 3.1-3.4-тармақтарына сәйкес) төлейді.

3.8. Оқыту бағдарламасына кірмейтін (бірлескен, координаторлық оқыту түрі, шетелдік тағылымдамалар және т.б.) оқыту бойынша барлық қосымша шығындарды Білім алушылар қосымша төлейді;

3.9. Оқу ақысын төлеу бойынша берешегі болған кезде Білім алушы ағымдағы және аралық аттестаттауды (емтихандарды) тапсыруға жіберілмейді.

3-1. ШАРТТЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

3-1.1. Университет Білім алушыны келесі жағдайларда оқудан шығару кезінде осы Келісімшартты бір жақты тәртіпте (алдын ала жазбаша ескертусіз) бұзады:

- 1) Білім алушының өтініші негізінде оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 2) Білім алушының немесе Тапсырыс берушінің өз қалауы бойынша, оның өтініші негізінде;
- 3) Білім алушы немесе Тапсырыс беруші осы Келісімшарттың 3-бөлімінде айқындалған шарттарға сәйкес университетке көрсетілетін қызметтер мен оқу үшін уақтылы ақы төленбеген жағдайларда;
- 4) Білім алушы мемлекеттік қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған кезде, сондай-ақ университеттің академиялық саясатына сәйкес академиялық үлгермегені үшін;
- 5) университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін, соның ішінде себепсіз 40 (қырық) сағаттан астам сабақты жүйелі түрде қалдырғаны үшін;
- 6) Білім алушының көрсетілген мерзімде академиялық демалыстан шықпауына байланысты;
- 7) Білім алушының бас бостандығынан айыруға немесе оқуын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын өзге де жазаға кесілген сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 8) Білім алушының қайтыс болуына байланысты;
- 9) Білім алушының немесе Тапсырыс берушінің осы Келісімшартта және университеттің Академиялық саясатында көзделген өзге де міндеттемелерді бұзғаны үшін.

3-1.2. Білім алушы университетте 1 (бір) айдан астам уақыт болмаған жағдайда, оқуды жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын дәлелді себептер (сырқаттану, жақын туыстарының қайтыс болуы, басқа елді мекенге көшу, төтенше сипаттағы форс-мажорлық жағдайлар мен оқиғалар, дүлей зілзалалар, авариялар және т. б.) бойынша осы Келісімшарт бұзылуы, ал Білім алушы студенттер қатарынан шығарылуы мүмкін.

3-1.3. Егер Білім алушы осы Келісімшарттың 3-1.1-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тиісті өтінішті ұсынбаса, онда тараптар арасындағы келісімшарттық қатынастар қолданыста деп танылады, Университет білім беру қызметін тиісті түрде көрсетуді жалғастырады.

3-2. ОҚУ ҮШІН ТӨЛЕНГЕН АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМДІ ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

3-2.1. Осы Келісімшарттың 3-1.1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайда оқу үшін төленген алдын ала төлем Білім алушыға немесе Тапсырыс берушіге есептік айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап қайтарылады. Ағымдағы айға төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

3-2.2. Осы Келісімшарттың 3-1.1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 9) - тармақшаларында көрсетілген жағдайларда оқу үшін төленген алдын ала төлем Білім алушыға немесе Тапсырыс берушіге есептік семестрден кейінгі семестрден бастап қайтарылады. Ағымдағы семестрге төленген ақшалай қаражат қайтарылмайды.

3-2.3. Осы Келісімшарттың 3-1.1-тармағының 7), 8) - тармақшаларында көрсетілген жағдайларда оқу үшін төленген алдын ала төлем Тапсырыс берушінің немесе заңды өкілінің (ата-анасының) өтініші бойынша өтініште көрсетілген шотқа қайтарылады. Қайтарылатын ақша қаражатының есебі ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес көрсетілген жағдайлар орын алған күннен басталады.

3-2.4. Осы Келісімшарттың 3-1.2-тармағында көрсетілген жағдайда оқу үшін төленген алдын ала төлем білім алушының оқуда болмауының дәлелді себепін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін Білім алушыға немесе Тапсырыс берушіге қайтарылады. Қайтарылатын ақша қаражатының есебі растайтын құжаттарға сәйкес көрсетілген жағдайлар орын алған күннен басталады. Растайтын құжаттар болмаған жағдайда, төлемді қайтару осы Келісімшарттың 3-2.2 - тармағында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

3-2.5. Егер Білім алушы немесе Тапсырыс беруші Келісімшартқа қол қойып, бірақ оқу жылы басталғанға дейін осы Келісімшарттың талаптарын орындаудан бас тартқан жағдайда, төленген ақша қаражаты осы Келісімшарттың 3.1-тармағында көрсетілген соманың 5 (бес) пайызын ұстап қалумен қайтарылады.

3-2.6. 3-2.1, 3-2.5 - тармақтарында көрсетілген ақша қаражаты ауыстыру/оқудан шығару туралы бұйрық негізінде қайтарылады. Оқудан ауыстыру/шығару туралы бұйрық тиісті өтініш немесе қызметтік хат келіп түскен сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде шығарылады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Келісімшарттың 3.4-тармағында көрсетілген оқу ақысын төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Білім алушы немесе Тапсырыс беруші университетке мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 0,1 (нөл бүтін оннан бір)



**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

пайызы мөлшерінде, бірақ берешектің жалпы сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын тұрақсыздық айыбын қосымша төлеуге міндетті.

4.2. Білім алушы университеттен шығарылған жағдайда Академиялық анықтама және өзге де құжаттар оқу ақысы бойынша берешекті және мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің жалпы сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде, бірақ 10 (он) пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбының сомасын толық өтегеннен кейін беріледі.

4.3. Оқу бітірген кезде қаржылық берешегі болған жағдайда университетті бітіргені туралы диплом және өзге де құжаттар Білім алушыға оқу ақысын төлеу бойынша берешекті және мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің жалпы сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде, бірақ 10 (он) пайыздан аспайтын тұрақсыздық айыбы сомасын толық өтегеннен кейін беріледі.

4.4. Осы Келісімшартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Келісімшартты орындау барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар университеттің нормативтік құжаттарында көзделген ережелер бойынша келіссөздер жүргізу жолымен өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей Тараптармен шешіледі.

5.2. Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

6.1. Осы Келісімшарт 2022 жылғы 25 тамыздан бастап күшіне енеді және тараптар міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады. Егер Білім алушы қол қою сәтінде кәмелетке толмаған болса, онда оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен осы Келісімшартқа қол қоюға құқығы бар. Мұндай жағдайларда Білім алушының мүддесінде Келісімшартқа заңды өкіл қосымша қол қояды.

6.2. Осы Келісімшарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6.3. Келісімшарттық қатынастардың тоқтатылу күні – Басқарма Төрағасының - Университет Ректорының немесе ол уәкілеттік берген өзге де лауазымды адамның тиісті бұйрық шығару күні болып табылады.

6.4. Осы Келісімшарт екі данада, ал Тапсырыс берушінің қатысуымен – үш данада орыс тілінде жасалды және әрбір Тарапқа бір-бір данадан беріледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ:

УНИВЕРСИТЕТ

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
050010, Алматы қаласы, Достық
даңғылы, 13,
тел.: 8 (727) 291-63-39,
Төлем реквизиттері:
СТН 600900529562
БСН 031240004969, коды 16
«Банк ЦентрКредит»АҚ
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ17856000000086696
e-mail: rector@abaiuniversity.edu.kz

Басқарма Төрағасы – Ректор

_____ Д. Билялов

БІЛІМ АЛУШЫ

(Аты-жөні)

ИИН _____

Мекенжайы:

_____ облысы:

_____ қаласы:

_____ ауданы:

_____ ауылы:

_____ көшесі:

_____ үй, № _____ пәтер

тел: _____

e-mail: _____

WhatsApp _____

(қолы)

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ/Заңды өкіл
(ата-ана), егер білім алушы 18 жасқа
толмаған болса

Банк реквизиттері:

ЖСН _____

ЖСК _____

БСК _____

БСН _____

Мекенжайы:

тел.: _____

(қолы)